

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ЗАМАНАУИ ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ»**
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
27 мамыр 2022 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
**«УСТОЙЧИВОСТЬ ЭКОНОМИЧЕСКИХ СИСТЕМ В УСЛОВИЯХ
ГЛОБАЛЬНЫХ ВЫЗОВОВ СОВРЕМЕННОСТИ»**
27 мая 2022 г.

PROCEEDINGS
International scientific and practical conference
**«SUSTAINABILITY OF ECONOMIC SYSTEMS UNDER CONDITIONS OF
MODERN GLOBAL CHALLENGES»**
27 May 2022

Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Нур-Султан, Казахстан
Nur-Sultan, Kazakhstan

УДК 330
ББК 32
3-21

Редакционная коллегия:

Заведующая кафедрой «Туризм» к.э.н., профессор Муталиева Л.М.
Ответственная за НИР кафедры «Туризм» к.э.н., ассоциированный профессор Мусина К.П.
К.э.н., доцент кафедры «Туризм» Акишева А.С.

3-21 **Заманауи жаһандық сын-қатерлер жағдайындағы экономикалық жүйелердің тұрақтылығы:** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022.

Устойчивость экономических систем в условиях глобальных вызовов современности: Сб. трудов межд. научно-практической конф. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**Sustainability of economic systems under conditions of modern global challenges**» Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2022.

ISBN 978-601-337-680-6

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбек жинағында Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі жаһандық сын-қатерлер жағдайында экономикалық жүйелердің орнықтылығын қамтамасыз етудің өзекті аспектілері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены актуальные аспекты обеспечения устойчивости экономических систем в условиях глобальных вызовов в Республике Казахстан и за рубежом.

The proceedings of the international scientific and practical conference consider topical aspects of ensuring the sustainability of economic systems in the face of global challenges in the Republic of Kazakhstan and abroad.

**УДК 330
ББК 32
3-21**

ISBN 978-601-337-680-6 © Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

Конференция Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Ресей халықтар достығы университетінің Қонақ үй және туризм Институты, Шота Руставели атындағы Батуми мемлекеттік университеті, Ташкент Мемлекеттік Экономикалық университеті, М. Рысқұлбеков атындағы Қырғыз экономикалық университеті және Бұқара Мемлекеттік Университеттерімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Конференция организована Евразийским национальным университетом им. Л.Н. Гумилева совместно с Институтом гостиничного бизнеса и туризма РУДН, Батумским государственным университетом имени Шота Руставели, Ташкентским Государственным Экономическим университетом, Кыргызским экономическим университетом им. М. Рысқұлбекова, Бухарским Государственным Университетом.

The conference was organized by L.N. Gumilyov Eurasian National University together with the Institute of Hotel Business and Tourism of the Peoples' Friendship University of Russia, Batumi Shota Rustaveli State University, Tashkent State Economic University, Kyrgyz Economic University named after Musa Ryskulbekov, Bukhara State University.

Материалы публикуются в авторской редакции. Редакционная коллегия не несет ответственность за достоверность информации, приводимой авторами.

предоставлении технической и финансовой помощи развивающимся странам могут сыграть межправительственные организации, международные финансовые институты, неправительственные организации, частный сектор и международное сообщество в целом именно в области новых зеленых технологий. Международные экологические соглашения могут облегчить и стимулировать переход к «зеленой» экономике. Многосторонние экологические соглашения, создающие юридические и институциональные основы для решения глобальных экологических проблем, могут сыграть значительную роль в экологизации экономической деятельности.

Список использованной литературы:

1. Осипов В.И. Вестник Российской Академии Наук, 2019, том 89, № 7, с. 718—727 Устойчивое развитие. Экологический аспект © 2019 г. Институт геоэкологии им. Е.М. Сергеева РАН, Москва, Россия
2. Лясковская Е.А., Григорьева К.А. Формирование «зеленой» экономики и устойчивость развития страны и регионов Вестник ЮУрГУ. Серия «Экономика и менеджмент». – 2018. – Т. 12, № 1.
3. Егорова М.С. Экономические механизмы и условия перехода к зеленой экономике // Фундаментальные исследования. – 2014. – № 6-6 <https://fundamentalresearch.ru/ru/article/view?id=34326> (дата обращения: 30.05.2022).

ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ТАЛДАУ

Шоқан Р.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.
Қазақстан Республикасы
E-mail: roza-shokan@mail.ru

Қазіргі күні әлемдік қауымдастықтың көптеген елдері үшін туризм индустриясының экономикалық маңыздылығы жоғары деп саналады. Аталмыш саланың дамуы әлем елдері арасында әлеуметтік байланысты нығайтады әрі экономикалық тұрғыдан қосымша табыс көзін құруға, жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыруға мүмкіндік беріп отыр. Туристік қызмет көрсету саласы ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап, халықаралық сипатқа кеңінен ие бола бастады, бұл жалпы екі негізгі фактордың ықпалынан деуге негіз бар. Оның біріншісі, әлем бойынша саяхат пен туризм географиясының кеңеюі салдарынан туристік кәсіпорындардың табысқа ие болуы; ал екінші факторына халықаралық деңгейде туристік бизнесті инвестициялау, кәсіпорындардың рентабельділігін жоғарылатуға ұмытылысын жатқызамыз.

Қазақстан Республикасының да туристік бизнес саласын қарқынды дамытуға барлық мүмкіндігі бар. Ел тарихының тереңдігі, сирек кездесетін табиғи, тарихи ескерткіштері, ғасырлық қалыптасқан тұрмыстық-мәдени құндылықтары, саяси тұрақтылығы мен туристік бизнесті қарқынды дамыту

саласындағы әріптестікке дайындығы және ашықтық саясаты елде аталмыш бизнес саласын дамытуға мүмкіндік береді. Халықаралық туристік қызмет көрсету нарығына отандық туризм саласының кірігуі тікелей саланың бәсекеге қабілеттілігіне тәуелді екені белгілі.

Бәсеке – кез келген шаруашылық саласының тиімді жұмыс істеуінің маңызды шарты болып табылады. Бәсеке түсінігі нарықтық қатынастардағы экономикалық теорияның іргелі ұғымдарының бірі. Бәсеке экономикалық құбылыс ретінде саудалық қарым-қатынастарды орнатқан уақыттардан бастап қалыптасып, еркін нарықтық қатынастар жағдайында өзінің толық қанды қалыптасуына қол жеткізді. Жалпы бәсеке дегеніміз нарықтық механизм элементі, капиталдардың жақсы экономикалық жағынан тиімді жұмсалуды үшін өнім өндіру мен өткізудің, өндірістің неғұрлым тиімді жағдайы үшін тауар өндірушілер арасындағы күрестің құрамдас бөлігі [1.]

Бәсеке экономикалық категория ретінде объективті және субъективті мазмұнға ие екені белгілі [2]. Объективті мазмұны оның нарықтағы ерекше жағдайын көрсетеді, жекелеген кәсіпкерлік субъектілері нарықтағы тауарлардың жалпы айналымына шешуші ықпалы ете алмайды. Нарықтағы тауарлардың жалпы айналым жағдайы нарықтық баға бекітілген кезде бәсекелес ретінде қалыптасады.

Бәсеке категориясының субъективті мазмұны материалдық құндылықтарды алмастыру және өндіруімен байланысты туындайтын бәсекелес шаруашылық субъектілері арасындағы экономикалық қатынастың ерекше формасы ретінде сипатталады. Өртүрлі авторлардың еңбектеріндегі бәсеке ұғымына жасалған тұжырымдарды қарайтын болсақ.

Бәсеке іс жүзінде нарықтық дамудың негізі болып табылады. Адам Смит 1776 жылы "An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations" атты еңбегінде экономикалық жүйеде бәсекелестік туралы алғаш рет айтқан. Смит орталықтандырылмаған, мемлекет реттемейтін бәсекелестік ортаны көптеген кішігірім қатысушылармен таныстырды, онда әр қатысушы нарықтың жалпы жұмысына әсер ете алмайды [3]. А.Смит жетілген бәсеке идеясының теориялық негізін қаласа, Д. Рикардо бұл идеяны әрі қарай дамытып, бағаның бәсекелестік күрес жағдайында сұраныс пен ұсыныстың әсерінен қалыптасатындығын анықтады.


К.Маркс бәсекені құн заңы тұрғысынан қарастырып, ең жоғары пайдаға қол жеткізу мақсатында тауарларды өндірудің және сатудың тиімді шарттары үшін жекелеген тауар өндірушілердің арасындағы күрес деп сипаттады. Оның көзқарасы бойынша бәсеке салалар арасында капиталдың бөлінуін реттейді, орташа пайда нормасын қалыптастыру үшін пайда нормасын төмендеуге бағытталған тенденцияға әсер етеді.

Й. Шумпетердің тұжырымы бойынша, бәсеке бұл ескінің жаңамен бәсекелесуі [4]. Кез келген жаңалықтың нарықта қабылдануы күрделі, егер новатор жаңалықты нарыққа енгізе алған жағдайда, бәсеке тетігінің көмегімен ескі технологияны қолданып жатқан кәсіпорынды нарықтан ығыстырып шығады.

М. Портердің жасаған қорытындысы бойынша бәсекеге қабілеттілік дегеніміз, тауарлар мен қызметтердің қасиеті, нарықтық қатынастардың субъектісі ұқсас тауарлар мен қызметтерді ұсынатын басқа бәсекелес нарықтық субъектілермен тең дәрежеде нарықтық қатынастарға түседі [5].

Қоғамның түрлі даму формациялардағы экономика саласын зерттеуші ғалымдардың пікірлері негізінен біртектес тауарлар өндіріп, қызметтер ұсынатын бизнес субъектілері арасында бәсекелестіктің туындайтындығын көрсетіп отыр. Туризм саласының қызмет көрсету нарығының құрамдас бөлігіне енетіндігін ескерсек, жалпы экономика салаларындағы бәсеке және бәсекелестік деңгейін сипаттауда қолданылатын негізгі тұжырымдардың және ғылыми пікірлердің туризм саласында қолданылуы заңдылық.

Саяхат және туризм саласындағы бәсекеге қабілеттілікті бағалаудың жалпыға танылған әдісі, 2008 жылы Дүниежүзілік экономикалық форум тарапынан ұсынған саяхат және туризмнің бәсекеге қабілеттілік индексі (Travel & Tourism competitiveness Index- ТТСІ) екендігі белгілі [6]. Қарастырылып отырған әдістеменің басты мақсаты мемлекеттегі туризм саласының тартымдылығына ықпал ететін факторлар мен мемлекеттің саясатын бағалау болып табылады. Саяхат және туризмнің бәсекеге қабілеттілік индексі бәсеке қабілеттілікке ықпал ететін көрсеткіштерді төрт негізгі субиндекске бөледі, әр субиндекс бірқатар индикаторларға жіктеледі (1- кесте) [7].




1- Сурет Саяхат және туризмнің бәсекеге қабілеттілік индексінің элементтері

Ескерту: Автор [7] ақпарат көзі негізінде құрастырған.

Саяхат және туризм секторының бәсекеге қабілеттілік индексі әрбір екі жыл сайын Дүниежүзілік экономикалық форумның (ДЭФ) талдау тобы жасайды және баяндама түрінде жалпыға қолжетімді ақпаратты ұсынады. Оны дайындау кезінде халықаралық ұйымдар мен саяхат және туризм саласындағы сарапшылардың жалпыға қол жетімді дерек көздері мен ақпараттарының жиынтығы қолданылады. Саяхат және туризм секторының бәсекеге қабілеттілік индексі жариялайтын баяндамада туризм және саяхат секторларының бәсекеге қабілеттілік факторларын еларалық талдауын салыстыру үшін ақпарат береді, бизнес шешім қабылдаған кезде пайдалы және саяхат пен туризм секторы үшін жағдайды жақсартуға ұмтылатын үкімет үшін құнды ақпараттар ұсынылып отырады. Зерттеу рейтингке енген елдерге қатысты қорытынды позицияны егжей-тегжейлі қамтитын, сондай-ақ негізгі бәсекелестік артықшылықтар мен кемшіліктер бойынша нұсқаулық болып табылатын бағалауда қарастыралатын әр экономика саласының егжей-тегжейлі профильдерін қамтиды. Сондай-ақ, баяндамада сала сарапшыларының баяндамалары енгізіледі, жекелеген тарауларда визалық режимді жеңілдету және экономикалық өсу байланысы; өзгермелі ортада жергілікті бәсекелестік артықшылықтарды пайдалану саясатының қажеттілігі; туризм секторының жұмыс орындарын құруға әсері; авиацияны дамытудың экономикалық дамуға әсері мәселелері төңірегіндегі сұрақтар қарастырылады.

Дүниежүзілік экономикалық форумның (ДЭФ) саяхат және туризм секторының бәсекеге қабілеттілік индексіне Қазақстан Республикасының туризм саласы рейтингісінің 2015 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі өзгерісі төмендегі суретте көрсетілген (2-сурет).



2- Сурет ДЭФ саяхат және туризм секторының бәсекеге қабілеттілік индексідегі Қазақстанның рейтингі

Ескерту: Автор [7,8,9] ақпарат көздері негізінде құрастырған.

2015 жылы әлемнің 141 елінің саяхат және туризмнің бәсекеге қабілеттілік рейтингінде Қазақстан 85- орынға (индексі 3,48), 2017 жылы 136 елдің арасынан 81-орынға (индексі 3,6) және 2019 жылы жасалған рейтингтік қатарда 140 мемлекеттің ішінде 80 - орынға (индексі 3,7) ие болған. Зерттеуге алынған жылдар ішінде отандық туризм саласы бірқатар индикаторлар мен көрсеткіштер бойынша өзінің орнын жоғарылатқан. Мемлекетте туризм саласын дамытуға

мүмкіндіктің бар екенін Бүкіл әлемдік экономикалық форумның, Саяхат пен туризмнің бәсекеге қабілеттілігінің жаһандық индексіндегі елдің орны сипаттап отыр. 2019 жылы жүргізілген зерттеулердегі Қазақстанның туризм саласының даму динамикасында төмендегідей өзгерістер байқалады [9]. Мемлекеттегі туризм саласының дамуына мүмкіндік беретін жоғары әлеует, рейтингтің төменде келтірілген индикаторлары тізімінде айқындалған:

- бүкіл әлемдік мұраның мәдени объектілер саны бойынша – 62-орын;
- ауызша және материалдық емес мәдени мұра объектілерінің саны бойынша – 16-орын;

- бүкіл әлемдік мұраның табиғи объектілер саны бойынша – 32-орынға ие. ДЭФ-ның сараптамасы бойынша туризм саласында қазақстандық рейтингті келесі индикаторлар қатары төмендетіп отыр:

- туристік қызметке жұмылдырылатын инфрақұрылымның сапасының төмендігі (қонақ үйлер, курорттық аумақтар, мәдени-сауықтыру нысандары және т.б.) – 127-орын;

- саяхат және туризм индустриясының тұрақты дамуы – 105-орын;
- мәдени -ойын -сауық туризміне цифрлық сұраныс – 104-орын;
- автокөлікті жалдау қызметін ұсынушы компаниялардың жеткіліксіздігі – 95-орын.

- елдік бренд стратегиясының рейтингі – 120-орын.

Жоғарыдағы талдаулар халықаралық туристік нарықтағы ҚР-ның туризм саласының позициясын жоғарылату үшін қай бағыттарда жұмыс жүргізу керектігін білдіреді.

Қазақстан Республикасында туризм экономиканың басым саласы ретінде танылып, мемлекет оның жағдайы мен дамуына ерекше назар аударуда. 2025 жылға қарай ЖІӨ-нің құрылымындағы туризмнің үлесін 8%-ға жеткізу мақсаты қойылып отырғаны белгілі [10]. Елде туризм саласын толық қанды табысты экономикалық салалардың қатарына қосудың мүмкіндіктері жоғары. Себебі, туристік дестинациялардың әртүрлігі мен туристік ресурстардың болуы саланы дамытудың негізі бар екенін көрсетеді. Жалпы, туристік саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушылық-басқарушылық және инфрақұрылымдық тетіктерді жетілдіру, қазіргі күннің негізгі талаптары болып қала бермек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Рыночная экономика. Русско-казахский толковый словарь-справочник/ Под редакцией М.Р. Насыровой.- Алматы:Білім, 1995-608с
2. Конкуренция и конкурентоспособность. Учебное пособие/ Азатбек Т.А. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2016.-260с
3. Исследование о природе и причинах богатства народов/ Адам Смит [перевод с англ.]. – Москва: Издательство АСТ, 2021.-1072с.
4. Шумпетер Й. Теория экономического развития (Исследование предпринимательской прибыли, капитала, кредита, процента и цикла конъюнктуры). М.: Прогресс, 1992.
5. Портер М. Конкуренция. — М.: Издательский дом «Вильямс», 2000.

6. The Travel & Tourism Competitiveness Report. Official website of World Economic Forum. URL: <https://www.weforum.org/focus>
7. The Travel & Tourism Competitiveness Report 2019//
https://www3.weforum.org/docs/WEF_TTCR_2019
8. The Travel & Tourism Competitiveness Report 2015//
https://www3.weforum.org/docs/WEF_TTCR_2015
9. The Travel & Tourism Competitiveness Report 2017//
https://www3.weforum.org/docs/WEF_TTCR_2017
10. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы//ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы

THE INFORMATION TECHNOLOGIES AND DIGITAL TOURISM

Khurramov O.K.

Lecturer of Department of Service sphere economics

Bukhara state university, Bukhara, Uzbekistan

E-mail: o.k.xurramov@buxdu.uz

In today's information society, the importance of information as a commodity is increasing. This is a consequence of the general growth of information needs and an expression of the development of the information services industry. Evidence of this is the increased contribution of the information sector to the creation of national wealth.

The most dynamically developing informatization is in the field of market infrastructure: enterprises engaged in intermediary services for the sale of goods, securities and currency, as well as advertising and representation services and auditing, are mainly equipped with new modern information technologies.

The global computer network Internet is developing so rapidly that every year the number of its subscribers and the volume of information resources almost double. The tourism industry has not been left out of this boom.

International and domestic tourism is a powerful branch of trade in services. The basis of the tourism industry is made up of tour operators and travel agents involved in travel, selling them in the form of vouchers and tours; provision of services for the accommodation and catering of tourists (hotels, campsites, etc.), their movement around the country, as well as government agencies, information, tourism research advertising and training for it, enterprises for the production and sale of tourist goods. other industries for which tourism services are not the main activity (cultural, trade, etc.).

Tourism is an information activity. There are few other industries in which the collection, processing, application and communication of information would be as important to day-to-day functioning as in the tourism industry. A service in tourism cannot be displayed and considered at a point of sale as consumer or industrial goods. Usually it is bought in advance and away from the place of consumption. Thus, tourism